

## Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 23 мамыр N 878. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.11.12. N 1556 қаулысымен. ~P971556

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3377 U973377\_ Жарлығына сәйкес (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 10, 69-құжат) Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі Әділет министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған актілерін осы қаулыға сәйкес келтірсін.

3. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір актілерінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 23 мамырдағы  
N 878 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет  
министрлігі (Білім және мәдениетмині) туралы  
ЕРЕЖЕ

#### I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

Министрлік білім, мәдениет, туризм, спорт, жастар саясаты салаларында басшылықты, ұлтаралық қатынастар, тіл және дін саласындағы мемлекеттік саясатты үйлестіруді жүзеге асырады, осы мақсатта заңдарға сәйкес салааралық үйлестіруді жүзеге асырады.

2. Министрлік өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын,

Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарды, заңдарды, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Министрлік Қазақстан Республикасы білім, мәдениет, тіл саясаты, туризм және спорт органдарының біртұтас жүйесін құрайтын және мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын аумақтық органдар мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды басқарады.

4. Министрліктің аппаратын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджеттегі орталық атқарушы органдарды ұстауға көзделген қаражаттың есебінен жүзеге асырылады.

5. Министрліктің құрылымы мен штаттық санын Қазақстан Республикасының Үкіметі аяқындайды.

6. Министрлік пен оның аумақтық органдары заңды тұлғалар (мекемелер) болып табылады және банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және қазақ және орыс тілдерінде атауы жазылған мөрі болады.

II. Министрліктің негізгі міндеттері, қызметі және құқықтары

7. Министрліктің негізгі міндеттері:

білім, мәдениет, туризм, спорт, тіл жастар саясаты және дін саласындағы мемлекеттік саясатты жасау және оны жүзеге асыру;

мемлекеттік қаржылық, инвестициялық, инновациялық саясатты жасауға және оны жүзеге асыруға қатысу және білім, мәдениет, туризм және спорт саласында жекешелендіру бағдарламасына қатысу;

ұлттық татулықты, әртүрлі діни сенімдегі діни бірлестіктердің арасындағы өзара түсіністік пен төзушілікті нығайтуға, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге және Қазақстан халықтарының тілдерін дамытуға ықпал ету;

азаматтардың тегін міндетті орта білім, республиканың мемлекеттік оқу орындарында конкурстық негізде жоғары білім алуын қамтамасыз ету, білікті мамандар даярлау жөнінде шаралар қабылдау;

меншік нысандарына қарамастан білім мекемелерінің қызметіне баға берудің бірыңғай жүйесін құру;

ведомстволық бағыныстағы мекемелер мен ұйымдардың материалдық-техникалық және ғылыми-өндірістік базасын дамыту;

кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау;

министрлік құзыретінің шегінде халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру және дамыту болып табылады.

8. Министрлік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

әлеуметтік жүйе салаларын дамытудың тұжырымдамасы мен мемлекеттік

бағдарламасын жасайды;

мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық бағдарламаларды, қысқа мерзімді және орта мерзімді жоспарларды жасауға қатысады;

белгіленген тәртіппен шетелдік кепілдіктерді, несиелерді және инвестицияларды тарту және оларды пайдалану жөнінде ұсыныс енгізеді;

өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өзге де мемлекеттік органдарға ғылыми-әдістемелік көмек көрсетеді;

басқарудың тиімді ұйымдастыру нысандарын әзірлеуді және енгізуді жүзеге асырады;

өз қызметінің аясында заңдардың қолданылуын талдайды және қорытады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныс әзірлейді, заң және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысады, оларды Үкіметтің қарауына енгізеді;

институционалдық реформалар саласындағы мемлекеттік саясатты айқындауға, мемлекеттік халықаралық және өзге де бағдарламаларды жасауға және жүзеге асыруға қатысады;

білім, мәдениет, туризм, спорт, тіл, жастар саясаты және ұлтаралық қатынастар саласындағы халықаралық шарттармен келісімдердің жобаларын әзірлеуге қатысады;

Үкіметтің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының білім, мәдениет, туризм, спорт, тіл, жастар саясаты және ұлтаралық қатынастар саласындағы халықаралық шарттарына қол қояды;

өз қызметінің аясында халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты ұйымдастырады;

өнер туындыларын жасауға мемлекеттік әлеуметтік-шығармашылық тапсырыстарды қалыптастырады және оларды конкурстық негізде орналастырады;

халықтың рухани ұлттық байлығы мен мәдени мұрасының бөлігі ретінде өнер туындыларының қорларын іріктеу, жинақтау және сақтау жөніндегі мемлекеттік қызметтерді жүзеге асырады;

орталық атқарушы органдардың, ұйымдардың тілдер және діндер саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөніндегі қызметін үйлестіреді. Сондай-ақ қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

орталық және жергілікті атқарушы органдардың республикадағы ономастикалық және терминологиялық жұмыстар мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіреді;

мүдделі орталық атқарушы органдармен бірлесіп білімнің баршаға міндетті стандарттарын жасайды және оларды бекітеді;

мектепке дейінгі, мектептен тыс, жалпы орта, кәсіптік-техникалық, арнаулы

орта, жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім берудің мазмұнын а й қ ы н д а й д ы ;

республиканың мүдделі орталық атқарушы органдарымен бірлесіп кәсіптік-техникалық мектептерде, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында мамандар даярлау жүргізілетін мамандықтардың (кәсіптердің) жүктемелерін (тізбелерін), олардың оқу орындарындағы қолданылу тәртібін айқындайды;

оқыту технологиясы саласында білімнің тиімділігін арттыруға педагог қызметкерлердің, оқушылар мен студенттердің шығармашылық белсенділігін дамытуға бағытталған инновациялық саясатты жүргізеді;

белгіленген тәртіппен өз саласының қызметкерлерін аттестациялауды, олардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастырады;

білім берудің барлық деңгейлерін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, оқулық әдебиеттерді шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

меншік нысанына қарамастан кадрларды даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын оқу орындары мен білім мекемелеріне аттестациялау, тіркеу жүргізуге арналған нормативтер мен үлгі ережелер (нұсқаулықтар, регламенттер) әзірлейді және оларды заңдарда белгіленген тәртіппен бекітеді;

меншік нысандарына қарамастан белгіленген тәртіппен республиканың жоғары және арнаулы орта оқу орындарын лицензиялауды, мемлекеттік аттестациялауды, тіркеу, сондай-ақ туристік қызметтерді, археологиялық және тарихи және мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру жұмыстарын лицензиялауды жүзеге асырады;

білім, мәдениет, туризм, дене тәрбиесі және спорт салаларында республикалық нормативтер жасау, қаржыландыру, еңбекті ұйымдастыру және еңбек ақы төлеу, салық салу жүйесін, шаруашылық тетіктерін, қаржыландыру тәртібін жетілдіру жөніндегі жұмысқа қатысады;

білім процесінің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуінің мемлекеттік н о р м а т и в т е р і н ж а с а й д ы ;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Экономика және сауда министрлігімен, мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, өзге де орталық атқарушы органдарымен бірлесіп, мемлекеттік бюджеттің есебінен қаржыландырылатын арнаулы орта және жоғары оқу орындарында (әскерилерден басқа) оқитындардың барлық санаттарына мемлекеттік т а п с ы р ы с т ы б е л г і л е й д і ;

мүдделі орталық атқарушы органдармен бірлесіп Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім мекемелеріне, аспирантура мен докторантураға азаматтарды қабылдаудың жалпы тәртібін белгілейді;

меншік нысандарына қарамастан оқу орындарына арналған жалпы орта,

кәсіптік-техникалық, арнаулы орта, жоғары, жоғары оқу орындарынан кейінгі білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды әзірлейді және бекітеді, олардың баламалылығын айқындайды, халықаралық шарттардың негізінде Қазақстан Республикасының аумақтарында тиісті білім деңгейі туралы шетелдік құжаттарды тану мәселелерін шешеді;

білім беру мекемелеріндегі дене тәрбиесі - спорт процесіне ұйымдастырушылық және әдістемелік басшылықты жүзеге асырады, мүдделі орталық атқарушы органдармен және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп мектептен тыс мекемелерде, спорттағы талапты балаларға арналған оқу-жаттықтыру орталықтарында, клубтарында, оқу орындарында спорттық резервтермен халықаралық сыныптағы спортшыларды даярлау жөніндегі жұмысты жүзеге асырады, республикалық, халықаралық жарыстар мен кешенді шаралар өткізуді қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларының халықаралық жарыстарға, әлем, Азия чемпионаттарына, Азиялық және Олимпиадалық ойындарға қатысуын қамтамасыз етеді;

спорттық шаралардың бірыңғай күнтізбелік жоспарларын, спорттық жарыстар мен жиындарды өткізудің тәртіптерін, спорт түрлерінің спорттық жіктемелерін, спорттық және туристік шараларға қатысушыларды материалдық қамтамасыз етудің нормативтерін бекітеді;

белгіленген тәртіппен білімді, мәдениетті, туризмді, дене тәрбиесін және спортты дамытуға айтарлықтай үлес қосқан қызметкерлерді Қазақстан Республикасы Білім және Мәдениет министрлігінің құрмет белгілерімен және грамоталарымен марапаттауды, сондай-ақ мемлекеттік марапаттар мен атақтарға ұсынылды жүзеге асырады;

министрлік қызметінің аясында республикалық және мемлекеттік бюджеттерді қалыптастыруға қатысады;

білім, мәдениет, туризм, дене тәрбиесі және спорт жүйесінде табиғатты қорғау жөніндегі шараларды даярлауға және жүзеге асыруға қатысады.

9. Министрлік өзіне жүктелген тапсырмаларды жүзеге асыру және міндеттерін орындауы кезінде:

өз құзыретінің шегінде орындау үшін міндетті нұсқаулар беруге және нормативтік құқықтық актілер шығаруға;

белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және лауазымды адамдардан ақпарат сұратуға және оны алуға;

заңдарда белгіленген тәртіппен меншік нысандарына қарамастан кадрлар даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын білім беру мекемелерінің қызметін лицензиялауды жүзеге асыруға;

заңдарда белгіленген тәртіппен орта, арнаулы жоғары оқу орындары мен басқа да білім беру мекемелерін құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде

ұсыныстар енгізуге;

Қазақстан Республикасы Үкіметіне кәсіпорындар құру, қайта ұйымдастыру және оларды тарату жөнінде ұсыныс енгізуге, олардың жұмыс істеуіне қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісін жүзеге асыруға;

заңдарда белгіленген тәртіппен республикалық бағыныстағы жоғары оқу орындарының басқа да ведомстволық бағыныстағы мекемелер мен ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындауға және қызметінен босатуға, сондай-ақ облыстық бағыныстағы білім беру мекемелерінің басшыларын тағайындауға және босатуға келісім беруге;

өз құзыретіндегі мәселелер бойынша білім, мәдениет, туризм және спорт мекемелері мен ұйымдарын, олардың жергілікті құрылымдық бөлімшелерін тексеруге;

ведомстволық бағыныстағы ұйымдарда қаражаттың пайдаланылу тиімділігіне тексеру жүргізуге;

заңда белгіленген тәртіппен журналдар, газеттер және басқа да баспасөз басылымдарын шығаруға;

өзінің аясындағы мәселелерді шешу үшін уақытша шығармашылық ұжымдар ұйымдастыруға;

жедел басқару құқығымен берілген мүлік кешенін пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқығы бар.

### III. Министрліктің қызметін ұйымдастыру

10. Министрлікті Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын Министр басқарады. Министрдің өзінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын орынбасары (вице-Министр) болады.

11. Министр Министрліктің жұмысын ұйымдастырады әрі оған басшылық жасайды және министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз жұмысын жүзеге асыруы үшін жеке жауаптылықта болады.

12. Осы мақсаттарда Министр:

вице-Министрдің, департаменттер директорларының, министрлік құрылымдық бөлімшелерінің басқа да басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерінің шеңберін айқындайды;

Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметінен босатады;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес барлық органдар мен ұйымдарда Министрлікті білдіреді;

шығыстары, бекітілген адам саны және жалақы қоры лимитінің шектерінде

Министрліктің орталық аппараты шығыстарының сметасы мен штаттық кестесін  
б е к і т е д і ;

министрліктің қызметін қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшелер туралы  
е р е ж е л е р д і б е к і т е д і ;

өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешім  
қ а б ы л д а й д ы .

13. Вице-Министр Министр болмаған кезде оны алмастырады, министрліктің  
құрамына кіретін департаменттер мен құрылымдардың қызметін үйлестіреді,  
Министрлік қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметінен босатады,  
өзіне Министр жүктеген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

14. Министрліктің орталық аппараты Министрліктің қызметін қамтамасыз  
ететін департаменттер мен дербес құрылымдардан тұрады. Министрліктің  
құрамындағы Мәдениет, Туризм және спорт департаменттері заңды тұлғалар  
б о л ы п т а б ы л а д ы .

15. Министрлік құрамындағы заңды тұлға құрусыз Департамент пен оның  
құрылымы туралы Ережені Департамент директорының ұсынуы бойынша  
М и н и с т р б е к і т е д і .

16. Қызметті ұйымдастырудың тәртібі, министрлікте іс жүргізуді жүзеге  
асыру Министр бекіткен Министрлік жұмысының регламентімен айқындалады.

17. Министрлікте Министрдің, вице-Министрдің және департамент  
директорларының құрамында алқа құрылады. Алқаның құрамына өзге де  
адамдар кіре алады. Алқаның шешімі хаттамаларымен және қаулылармен  
р е с і м д е л е д і .

Алқаның сандық құрамын Үкімет бекітеді.

Алқаның жеке құрамын Министр бекітеді.

18. Министрлік өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Министрліктің орталық  
және жергілікті атқарушы органдары үшін міндетті шешім қабылдайды.

Министрлік қабылдаған шешім бұйрықтармен және өкімдермен ресімделеді.

19. Министрлік заңдарда белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылады және  
таратылады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 23 мамырдағы  
N 878 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасының кейбір күші жойылған  
шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы мәдениет министрлігінің мәселелері" туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 9 маусымдағы N 514 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 23, 365-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 ақпандағы N 115-қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 5, 62-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 11, 26-тармақтары.

3. "Мәдениет проблемаларының республикалық ғылыми орталығын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 ақпандағы N 113 P950113\_ қаулысының 2, 6-тармақтары.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 10 ақпандағы N 1033 P961033\_ қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 35, 329-құжат) 3-тармағы.

5. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Дін істері жөніндегі кеңес туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 15 сәуірдегі N 484 P950484\_ қаулысы.

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 сәуірдегі N 519 P960519\_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 18, 150-құжат).

7. "Қазақстан Республикасының Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 14 қыркүйектегі N 1263 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 30, 379-құжат).

8. "Қазақстан Республикасының Білім министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 маусымдағы N 759 P960759\_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 28, 250-құжат).